

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫСТЫ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Құрметті әріптестер, оқырмандар!

Қазақстан Республикасының Судьялар одағының атынан баршаңызды 1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке – бейбітшілік пен ынтымақтың, достық пен өзара құрметтің айқын көрінісін көрсететін ерекше күн. Бірлік күні – әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың ортақ мақсат жолында ұйысқан ынтымағының белгісі. Қазақстан – сан алуан мәдениеттер мен дәстүрлердің тоғысқан мекенінің жарқын символы. Ел ішіндегі татулық пен келісім – мемлекеттілігіміздің берік іргетасы болып табылады.

Қазақстанда 1 Мамыр мерекесі 1996 жылдан бастап ресми түрде аталып өтуде. Дәл сол уақыттан бері Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісін қалыптастырды. Осы бағытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде қоғамдық келісімді нығайту мен ұлтаралық татулықты сақтау бағытында жаңа серпінді реформалар жүзеге асырылуда. Президентіміз ұсынған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы – бірлік пен тұрақтылықты одан әрі күшейтуге арналған нақты бағдарды көрсетеді. Әділеттілік пен теңдік қағидаттарына негізделген бұл саясат қоғамдағы өзара түсіністікті күшейтіп, Қазақстанның тұрақты дамуына сенімді негіз болып отыр.

Бүгінгі таңда Бірлік күні – әрбір азаматтың жүрегінен орын алған қасиетті мерекеге айналды. Бірлігі жарасқан елдің болашағы баянды болары анық. Біздің қоғамдағы азаматтардың мәдениеті, тілі мен діні әртүрлі болғанымен, ортақ Отан ұғымында біріккен ұлы ұжым. Әрбір ұлт өкілі өз құндылығын сақтай отырып, Қазақстанның өркендеуіне үлес қосып келеді. Бұл – халқымыздың парасаттылығының, мемлекеттің көрген саясатының жемісі.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан бірлік пен татулықтың арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Экономикалық өсім, халықаралық аренадағы беделдің артуы, қоғамдық тұрақтылық – осының бәрі ел ішіндегі өзара қолдау мен түсіністіктің нәтижесі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ



Бірлік түбі – тірлік. Өзара сенім мен ынтымақтастық жоқ жерде қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді тек татулық, ортақ мүддедегі ауызбіршілікпен ғана еңсеріп, елдік мұраттарға жете аламыз. Өзара біте қайнасқан әлемде ғаламдық мәселелерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ.

КЕҢЕС

ЖОҒАРҒЫ СОТ АЛҒАШҚЫ ТОҚСАНДАҒЫ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Жоғарғы Соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев өткен I тоқсандағы сот төрелігін жүзеге асыру жұмыстарының қорытындылары бойынша республика судьялар корпусының қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңес жұмысына Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары Нұрсерік Шәріпов, Назгүл Рахметуллина және Аслан Түкиев, сондай-ақ Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров қатысты. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың басшылары іс-шараға бейне-конференц байланыс (БКБ) арқылы қосылды.

Үкім дәлелдер жиынтығына негізделуі керек

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Н.Рахметуллина өз сөзінде заңнамаға енгізілген өзгерістерге (ҚК-нің 6-бабы) байланысты 87% материал (1279) қанағаттандырылып, сотталғандар жазасы жеңілдетілгенін, бұл түзеу мекемелеріндегі орындарды

босатуға елеулі ықпал еткенін атап өтті. Үш ай ішінде қылмыстық істер саны 8,5%-ға артқан (8 795-тен 8 962-ге дейін).

I тоқсанда апелляциялық сотпен 453 үкім түзетілді (5,1%), ал 2024 жылдың осы кезеңінде 340 үкім (4,3%) өзгертілген және күшін жойған. Кассациялық сотпен 48 адамға қатысты (барлығы 81 сот актісі) апелляциялық актілер өзгертіліп, күшін жойған, 11 іс 22 адамға қатысты қайта қарауға жіберілген. Тергеу соттары қамауға алуға санкция беруді сирек қолдана бастады. Биылғы көрсеткіш 65,8% болса, өткен жылы 87% болған.

Баяндамашы соттардың процестік қатысушылар шағымын объективті қарауға, дәлелдемелердің заңға сәйкестігіне принципті баға беруге назар аударуы қажет екенін атап өтті. Адамның кінәлілігі туралы шешім барлық заң талаптарын сақтай отырып жиналған жет-



кілікті дәлелдер жиынтығына негізделуі тиіс.

Бостандықтан айыруға баламалы электрондық білезіктермен ұйқамақ, қоғамдық жұмыстар мен айыппұлдар секілді бұлтартпау шарасы мен жазаны кеңінен қолдану ұсыны-

лады. Сондай-ақ, шартты-мерзімінен бұрын босату (ШМБ) және жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жаза түріне ауыстыру (ЖОЖА) кезінде заң талаптарын қатаң сақтау қажет.

(Жалғасы 2-бетте)

ТЕХНОЛОГИЯ

Mastercard компаниясы Қазақстанда киберқауіптерді болжауға арналған Threatcasting (қауіптерді болжау) әдіснамасы бойынша оқыту семинарын өткізді. Оған банк және қаржы секторының өкілдері қатысты.

КИБЕРҚАУІПТЕРДІ БОЛЖАУ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ

Threatcasting әдісі тәуекелдерді басқарудың жүйелік тәсіліне негізделген және күрделі, болжауға қиын ортада болашақ қауіп-қатерлерді модельдеуге арналған. Ол сарапшылармен сұхбат, деректерді талдау және ықтимал оқиғаларды модельдеуді қамтитын кешенді процесті көздейді. Осы тәсілдің нәтижесінде компаниялар мен нарық ойыншылары, болашақ қауіптердің алғашқы белгілерін анықтап, олар жүзеге асқан жағдайда қолдануға болатын әрекеттер жиынтығын алады.

«Болашақ қауіптерден қорғау – тек бір ұйымның емес, бүкіл қауымдастықтың: мемлекет, бизнес, әртүрлі салалардағы серіктестердің ортақ міндеті. Бізге қауіптерді болжау, халықтың хабардарлығын арттыру және қорғану стратегияларын әзірлеу үшін қазірден бастап белсенді жұмыс істеу қажет. Біздің бірегей Threatcasting әдістемеміз (қауіптерді болжау) – бұл әлі толық көрініс таппаған тәуекелдерге дайын болуға көмектесетін

құрал. Бұл болашақ қауіптерді алдын ала болжау және оларға қарсы әрекет ету тәсілдерін әзірлеуге арналған тиімді шешім», – Mastercard-тың EEMEA өңірі бойынша корпоративтік қауіпсіздік басшысы Майкл Латца. Оның айтуынша, болашақтағы тәуекелдерге сенімді түрде қарсы тұру үшін, мемлекет, бизнес, ғылыми орта және технологиялық серіктестердің үйлесімді жұмысы қажет. Тек бірлескен әрекеттер арқылы ғана қауіп-қатерлерге төтеп беріп, барлық қатысушылар үшін қауіпсіз әрі орнықты сандық экожүйе қалыптастыруға болады.

Бұл семинар барысында қатысушылар, болашақтағы ықтимал қауіпті сценарийлерді талдап, Қазақстандағы картаны ұстаушыларға, компанияларға және бүкіл бизнес-экожүйеге әсер етуі мүмкін тұрақсыздық факторларын өңірлік және жаһандық деңгейде зерттеді.

Threatcasting – бұл болашақ қауіптерді модельдеу және әрекет ету стратегияларын әзірлеуге

мүмкіндік беретін болжамды-талдамалық әдіс. Ол сандық және сапалық деректерді біріктіреді, атап айтқанда: элеуметтік, техникалық, мәдени және экономикалық факторлар; трендтер мен сарапшылар бағасы; ғылыми фантастика элементтері – ықтимал сценарийлерді елестету құралы ретінде.

Бұл әдіс алдағы он жылдағы әлемге болашақ қауіп-қатерлер тұрғысынан қарауға, сол қауіптердің әсеріндегі адамның күйін көруге мүмкіндік береді. Threatcasting әдісінің 5 кезеңі бар. Олар: индикаторлар – қауіптің жақындағанын білдіретін алғашқы белгілер. Алдын алу – қауіптің өршуін болдырмауға бағытталған әрекеттер. Жеңілдету – қауіп жүзеге асқан жағдайда оның салдарын азайту. Оқиға – нақты триггер немесе жағдай. Қалпына келтіру – тұрақты жағдайға оралу және болашақ қауіптерге дайындық.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

ТАРАТУ

5. «ASU монша» ЖШС, БСН 190240025752, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мұқанов көшесі, 218-үй. Тел. +77076383822.

6. «Italmoda» ЖШС, БСН 101040016227, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7. Тел. 87072186794.

11. «Каспий Оку Орталығы» ЖШС, БСН 140640004844, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, К.Мұхамедханов көшесі, 53-үй, тел. 87019999186.

12. «ТОО Медицина» ЖШС, БСН 220340002160, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Кеген ауданы, Кеген ауылы, Д.Қонаев көшесі, 102/4, тел. 87783708383.

13. «Аружан-Инвест» Микрокредиттік ұйымы» ЖШС, БСН 070940006628 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қ., М.Шоқай к., 164-үй, тел.: 87011113942.

14. «Art logistic group» ЖШС, БСН 211240012650 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі, 77-үй, құр. 12, тел. 87017153608.

15. «Special Logistics» ЖШС, БСН 230940012697 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Үлкен Шаған ауылы, М.Мәметова көшесі, 13-үй, тел. 87057002055.

16. «Quality Logistics Group» ЖШС, БСН 230940026855 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Сыпал Метаев көшесі, 79-үй. тел.: 87057651136.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аубаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

10. «Байғанин аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 060140005728, «Байғанин аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 131040024322, «Байғанин аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ӨРТУРА

2. «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» ЖШС, БСН 090240006249, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1.

3. «Жаңаөзен қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 050240009237, бөлу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды:
1. «Жаңаөзен қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
2. «Жаңаөзен қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Жалын ш/а, 25Б құрылысы. Тел. 8 (72934) 47 372, 47 514.

17. Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 14 сәуірдегі ұйғарымымен «Fruit City Service» («Фрут Сити Сервис») ЖШС-не қатысты (БСН 180340004810), ондау рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекен-жайларда қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Алаш тасжолы, 31/1 ғимараты (нарық әкімшілігінің ғимараты) немесе Шымкент қаласы, «Отырар» шағынауданы, 41 үй, 24 пәтер (кеңсе). Телефон: +77017339732, электронды пошта: Erzhan_karabalin@mail.ru.

10. «Байғанин аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 060140005728, «Байғанин аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 131040024322, «Байғанин аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

БАЗЫНА

АУДАРМАШЫЛАР ДАЙЫНДАУ ІСІНЕ КӨҢІЛ БӨЛГЕН ЖӨН

Қазақстанда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Сәйкесінше сот істерін жүргізуде де қазақ тіліне басымдық беріледі.

Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар орыс тілінде және заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Осы ретте мына мәселеге назар аударғанымыз жөн. Қазақстанда бір ғана мемлекеттік, ресми тіл бар. Ол – қазақ тілі. Сондықтан, орыс тілін ресми тіл деп шатастырмауымыз керек.

Бүгінде қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Мектепте оқитын балалардың, жоғары оқу орындарына құжат тапсырған үміткерлердің 80 пайызы мемлекеттік тілді таңдайды. Бұл ел тұрғындарының басым бөлігі қазақ тілін білетінін, болашағын қазақ тілімен байланыстыратынын көрсетеді.

Азаматтар кейде құзырлы орган өкілдері ескертпеген соң, кейде адвокаттардың айтуымен арызын орыс тілінде жазғанын айтып жатады. Мұндай жағдайда істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге болады. Сондай-ақ егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою берген тілді білмейтінін айтса, судья талап қоюшының жазбаша өтініш-

хаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығара алады.

Қазақстан құқықтық, зайырлы, өркениетті елдер көшіне ілесуге ұмтылған ел. Сондықтан бізде азаматтардың өз құқығы мен бостандығын сапалы, қиындықсыз қорғауына барлық мүмкіндік қарастырылған. Мәселен, сот тараптары іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін жағдайда олар аудармашы қызметіне жүгіне алады. Сондай-ақ есту, сөйлеу қабілеті нашар, мүмкіндігі шектеулі жандар да сотта ымдау тілі маманының қызметін тегін пайдалану құқығына ие.

Сот процесінде аудармашының рөлі ерекше. Аудармашы тілдерді жетік біліп, процеске қатысушыларға айтылған сөздердің мағынасын барынша дәл жеткізуі керек. Яғни, жұмысын тиімді орындау үшін ол екі тілде де заң терминологиясын жақсы меңгеруі және сотқа талап етілген саланы түсінуі керек. Қазіргі кезде екі тілді жетік білетін, жылдам аударма жасай алатын, заң терминологиясын терең игерген аудармашыларды оқыту, дайындау өте өзекті. Мемлекет алдағы уақытта осы мәселеге көңіл бөлсе құба-құп.

**Руслан МӘЛІКҰЛЫ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқытушысы**

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертүлер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prigodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Боке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 8 775 176 01 47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М.Горький көшесі, 21, БСН 211040029201, тел. +77774149010, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7 777 414 90 10.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертүлер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 7222 35 44 32. Электрондық мекен-жайы: prigodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 87751760147.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М.Горький көшесі, 21, БСН 211040029201, тел. +77774149010, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7 777 414 90 10.

қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д. Қонаев көшесі, 35а. Телефон: 8 (71345) 79048 (ішкі 1012).

МҰРАГЕРЛІК

4. 2024 жылы 23 қарашада Оспанбаев Бауыржан Бакытжановичтің қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Брюллова көшесі, 5/1 мекенжайы бойынша нотариус А.Б. Нукееваға хабарласуы керек. Тел. 87024662773, 87742871107.

Қызылорда облыстық соты және Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы облыстық соттың судьясы Абдуллаев Қанатбек Амангелдіұлына ағасы

МУБАРАКОВ Қамбарбек Амангелдіұлының қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-61-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.